

## **Хаттама**

**«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК ауруханасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайын түсіндіру және оқу іс-шаралары**

**Сергеевка қаласы**

**« 27 » « 08 » 2025 жыл**

**Откізілетін уақыты:сағат 10:00**

**Откізілетін орын: бөлімше**

**Катысқандар:«Шал ақын ауданының аудандық ауруханасының» ШЖҚ КМК  
Хирург,Гинекологиялық,жұқпалы аурулар,қабылдау болмесі,терапия  
бөлімшениң ауысым бойынша қызметкерлері,дәрігері, т.б.**

**Катысқандар саны-6**

**Кеңес хатшысы: комплаенс маманы-И.А.Анафияов**

**Күн тәртібі**

**«2025 жылға арналған пара» семинар**

**Комплаенс маманы-И.А.Анафияов түсініктеме берді:**

Жалпы пара ұғымы әдетте тек заңсыз қызмет алу, біреу арқылы күжатты заңсыз әрі тез рәсімдеуге әрекет етумен шектеліп жатады. Алайда дәрігердің көмегі үшін оған сыйлық беру, тіпті мұғалімдерге алғыс сыйлығын беру пара деп саналады. 8 мың теңгеге дейін берілген сыйлыққа әкімшілік жаза қарастырылса, одан көп сомаға алынған сыйлық үшін қылмыстық жаза көзделген.Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодектің 676-бабына сәйкес кез келген сыйлық, женілдік, тіпті қызмет көрсету заңсыз материалдық сыйакы (пара) деп танылады.Егер сыйлық осы сомадан арзан болса (мысалы, тіпті 100 теңге), онда пара беруші әкімшілік жазаға тартылады - 200 АЕК - теңге 786 400 көлемінде айыппұл салынады. Ал пара алушыға (сыйлықты қабылдаған) Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодектің 677-бабына сәйкес 600 АЕК немесе 2.359 200 мың теңге көлемінде айыппұл салынады.Бір сөзben, кез келген құнды немесе арзан сыйлық пара болып есептеледі. Ал сыйлық 2 АЕК - 7864 теңгеден асса, бұл қылмыстық құқықбұзушылық болып саналады. Бұл туралы Қылмыстық кодексінің 367-бабындағы ескертпеде жазылған.КР Азаматтық кодексінің 509-бабының 1-тармағына сәйкес құны заңнамалық актілерде белгіленген 10 АЕК мөлшерінен аспайтын әдеттегі сыйлықтарды есептемегендеге: жас балалар мен әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың атынан емдеу, тәрбиелеу мекемелерінің, әлеуметтік қорғау мекемелерінің және басқа да осыған ұқсас мекемелердің жұмыскерлеріне сыйлық беруге жол берілмейді.

Бұдан басқа, Кодекстің 509-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге және "Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қымыл туралы" КР Заңына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлықта қарсы шектеулерді қабылдағандарға, сондай-ақ, олардың отбасы мүшелеріне сыйлық алуға жол берілмейді. Мемлекеттік қызметкер санатына кім кіреді?

Заның 1-бабы 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға:  
-жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам;  
-КР заңында белгіленген тәртіппен КР Президенттігіне, КР Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат;  
-өкілеттігін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратын, еңбегіне ақы төлеу КР бюджет қаражатынан жүргізілетін аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі;  
-жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уакытша жұмыс істейтін;  
-КР мемлекеттік бюджет қаражатынан еңбегіне ақы төленетін қызметші;  
-мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік секторді басқаратын адам, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырау, өткізу бойынша шешімдер қабылдайтын, не мемлекеттік бюджеттің және КР Ұлттық кордан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, КР Ұлттық банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадагалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері;

### **Пара келесі түрлерде болуы мүмкін:**

**Заттар** –ақша оның ішінде валюта, банктік чектер мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомобильдер, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық техника және басқада тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, гараждар, жер участкелері және басқада жылжымайтын мүлік.

**Қызметтер мен артықшылықтар** – емдеу, жөндеу және құрылымдар, санаторий және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын –сауық және басқа шығындарды ақысыз немесе арзан бағамен төлеу.


**Медицинада параның ең көп таралған түрлері:**

- еңбекке уакытша жарамсыздық парагын және денсаулық жағдайы туралы, қандай да бір жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы, спорттың қандай да бір түрімен айналысуға рұқсат беру туралы, дene шынықтырудан босату туралы түрлі анықтамаларды алғаны үшін.

- белгілі бір медициналық фактілерді растау немесе жасыру үшін (көбінесе ұрып-соғу және басқа дene жарақаттары).

-«қажетті» рецепт үшін.  
-өлімнің шынайы себебін бұрмалағаны үшін.  
-еңбекке уақытша жарамсыздық парагын үзартқаны үшін.  
Пара беру – қылмыс!

Жемқорлығы бар ел болғының келмесе, оған өзінің жол берменің!  
Сыбайлас жемқорлық туралы білсеңіз-1424 қоңырау шалыңыз!  
Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!



Директордың м.а.

Орындаушы:



К.А. Исахов

И.А. Анафияев